



**«Мерейлі» жекеменшік балабақша  
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» іс-шарасының  
№1 хаттамасы**

**09.09.2024 жыл**

**Жаңаөзен қаласы**

**Күн тәртібінде:**

- 1.Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлық туралы» Заңымен таныстыру.  
Жауапты директоры: С.И.Эбиева
- 2.Қазақстан Республикасының “Әдеп кодексі” Жауапты әдіскер:З.И.Эбиева

**Тыңдалды:**

Балабақша әдіскері З.И.Эбиева  
балабақша ұжымына Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлық туралы»  
Заңымен таныстыру. Жаңаөзен қаласы «Мерейлі» жекеменшік балабақша осы Әдеп  
кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Халықаралық Еңбек ұйымының, жарғының және ұйымның  
өзге де ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, «Қазақстан Республикасы  
мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын  
одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің  
2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығына, «Азаматтық қызметшілердің қызмет  
әдебі кодексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №342 бұйрығына сәйкес әзірленді және  
ұйымның барлық қызметкерлері басшылыққа алатын қағидалар мен қағидаттар  
жиынтығы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

**Сөз сөйлеу:Тәрбиеші:** Н.Бектемесова осы заңда мемлекеттік атқаратын адамдардың,  
сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған  
байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүлікті пайда алу үшін олардың өз  
өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда  
көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға  
жеке заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсыберуі  
арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады.

**2.Тәрбиеші:**Ж.Амантурлиева сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас  
жемқорлықпен құқық бұзушылықпен және ол үшін жауаптылық керек.

**Шешім:**

- 1.Балабақшада Қазақстан Республикасының «Азаматтық қызметшілердің қызмет әдеп  
кодексі» туралы жұмыс жүргізілсін.

**Жиналыс төрайымы:**



С.И.Эбиева

**Жиналыс хатшысы:**



З.И.Эбиева

**«Мерейлі» жекеменшік балабақша  
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» іс-шарасының  
хаттамасы №2**

**08.10.2024 жыл**

**Жаңаөзен қаласы**

**Күн тәртібінде:**

**1. Дөңгелек үстел:** «Адалдық пен әділдік-жақсы мінездің бастауы» балабақша әдіскері:  
З.И.Эбиева

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері: З.И.Эбиева Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бөбекжай қызметкерлерінің арасында дөңгелек үстел ұйымдастырды.

**Сөз сөйлеу:**

**1.Балабақша әдіскері:** С.И.Эбиева Адалдықтың адам өміріндегі орны. Адалдық – адамның ішкі жан дүниесінің тазалығы мен шынайылығының көрсеткіші. Адал адам өз ісіне жауапты, сөзіне берік, шындықты айтудан ешқашан таймайды. Бұл қасиет тек адамды биіктетіп қана қоймайды, оның айналасына сенім ұялатады. Қазақ халқында «Адал адам – арының алдында таза адам» деген ұлағатты сөз бар. Демек, адалдық – адамдықтың айнасы, жақсы мінездің бастауы. Адам бала кезінен адалдықты бойына сіңірсе, оның мінезі қалыптасып, өмірге деген ұстанымы дұрыс бағытта дамиды. Балабақша, мектеп, отбасы – осы қасиетті тәрбиелеудің негізгі ортасы. Әділдіктің мәні мен маңызы.

**1.Балабақша тәрбиешісі:** Н.Шапикова Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықпен және ол үшін жауаптылық керек.

**Шешім:**

1.Балабақша жыл бойы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілсін.

1.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» бойынша жұмыстың жауапкершілігін өзіме жүктеймін.

**Жиналыс төрайымы:**



С.И.Эбиева

**Жиналыс хатшысы:**



З.И.Эбиева

**«Мерейлі» жекеменшік балабақша  
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» іс-шарасының  
хаттамасы №3**

**14.11.2024 жыл**

**Жаңаөзен қаласы**

**Күн тәртібінде:**

**1. Баяндамашы: “Адалдық-асыл қасиет” балабақша тәрбиеші: Ж.Ибадуллаева**

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша балабақша тәрбиеші: Ж.Ибадуллаева Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бөбекжай қызметкерлерінің арасында дөңгелек үстел ұйымдастырды.

**Сөз сөйлеу:**

**1. Балабақша тәрбиеші: Ж.Ибадуллаева**

Адам бойындағы ең құнды қасиеттердің бірі – адалдық. Адалдық – адамның жүрегіндегі тазалықтың, сөзі мен ісінің бір жерден шығуының белгісі. Бұл қасиет кез келген қоғамда, кез келген ұжымда бағаланған және оның қадірі ешқашан төмендеген емес.

**2. Балабақша тәрбиеші: Э.Кусайынова**

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықпен және ол үшін жауаптылық керек. Өтірік айтқанын жазғырмай, түсіндіру. Баланы қорқытпай, дұрыс сөйлетуге бағыттау маңызды.

**Шешім:**

1. Бөбекжайда жыл бойы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілсін.

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» бойынша жұмыстың жауапкершілігін өзіме жүктеймін.

**Жиналыс төрайымы:**



С.И.Эбиева

**Жиналыс хатшысы:**



З.И.Эбиева

**«Мерейлі» жекеменшік балабақша  
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» іс-шарасының  
хаттамасы №4**

**2024 жыл, желтоқсан**

**Жаңаөзен қаласы**

**Күн тәртібі:**

1. «Таза жүрек – адал ниет» тақырыбындағы баяндаманы тындау
2. Талқылау
3. Қорытынды шешім қабылдау

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Э.Кусайынова «Таза жүрек – адал ниет» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамашы өз сөзінде рухани-адамгершілік тәрбиенің маңыздылығына тоқталып, адамның ішкі мәдениеті мен мінез-құлқы жүрек тазалығы мен адал ниеттен бастау алатынын атап өтті. Сонымен қатар бала бойында мейірімділік, қамқорлық, шыншылдық, жауапкершілік сияқты қасиеттерді қалыптастыруда балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы ерекше рөл атқаратыны айтылды. Баяндама барысында балаларды ізгілікке тәрбиелеудің тиімді жолдары ұсынылды: көркем әдебиет оқу, тәрбиелік әңгімелер жүргізу, рөлдік ойындар, қайырымдылық акциялары, бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру.

**Сөйлегендер:**

1. Әдіскер З.И.Әбиева – баяндама мазмұны өзекті екенін, қазіргі қоғамда рухани құндылықтарды нығайту маңызды бағыттардың бірі екенін атап өтті. Тәрбиешілерге күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетте адамгершілік мазмұнды тапсырмаларды көбірек қолдануды ұсынды.
2. Тәрбиеші Ж.Ибадуллаева – топта «Жақсылық бұрышы» ұйымдастырылғанын, онда балалардың жақсы істері белгіленіп отыратынын бөлісті және бұл тәсілдің тиімді екенін атап өтті.

**Қаулы:**

1. «Таза жүрек – адал ниет» тақырыбындағы баяндама мазмұны назарға алынсын.
2. Барлық топтарда рухани-адамгершілік тәрбиеге бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
3. Балалардың жағымды мінез-құлқын қалыптастыру мақсатында ойын, әңгіме, көркем әдебиет, жағдаяттық тапсырмалар кеңінен қолданылсын.
4. Ата-аналармен бірлескен жұмыстар (кенес, тренинг, ашық іс-шаралар) арқылы бала тәрбиесіндегі ынтымақтастық нығайтылсын.
5. Осы бағыттағы жұмыстардың орындалуы наурыз айындағы педагогикалық кеңесте каралсын.

**Жиналыс төрайымы:**



С.И.Әбиева

**Жиналыс хатшысы:**



З.И.Әбиева

**«Мерейлі» жекеменшік балабақша  
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» іс-шарасының  
хаттамасы №5**

**2025 жыл, ақпан**

**Жаңаөзен қаласы**

**Күн тәртібі:**

1. «Әдептілік әліппесі» тақырыбындағы кеңесті тыңдау жауапты: Э.Кусайынова
2. Ата-аналар пікірі, ұсыныстары
3. Қорытынды шешім қабылдау

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Э.Кусайынова «Әдептілік әліппесі» тақырыбында кеңес өткізді. Кеңес барысында баланың әдептілік дағдыларының отбасында және балабақшада қалыптасуы, үлкендердің жеке үлгісінің маңыздылығы атап өтілді. Сонымен қатар баланы амандасу, алғыс айту, кешірім сұрау, кезек күту, ойыншықпен бөлісу, үлкендерді құрметтеу сияқты қарапайым мінез-құлық ережелеріне үйретудің жолдары түсіндірілді. Балабақшада әдептілікке баулуда рөлдік ойындар, тәрбиелік әңгімелер, көркем әдебиет оқу, жағдаяттық тапсырмалар қолданылатыны айтылды. Ата-аналарға бала әрекетін мадақтау, сабырмен түсіндіру, отбасында жағымды қарым-қатынас үлгісін көрсету бойынша ұсыныстар берілді.

**Сөйлегендер:**

1. Әдіскер З.И.Эбиева– кеңестің мазмұны өзекті екенін айтып, ата-ана мен педагогтың бірлескен әрекеті баланың әдептілік мәдениетін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын атап өтті.
2. Ата-ана Г. Төлегенова – үй жағдайында балаға сыпайы сөздерді қолдануды үйретудің тиімді екенін, балабақшадағы талаптармен сәйкестіктің байқалатынын жеткізді.
3. Тәрбиеші: Э.Кусайынова – баланың жағымды мінез-құлқын қалыптастыруда мадақтау мен эмоционалдық қолдаудың маңызын айтып, ата-аналарға жағымды кері байланыс беруді ұсынды.

**Қаулы:**

1. «Әдептілік әліппесі» тақырыбындағы кеңес мазмұны назарға алынсын.
2. Отбасында және балабақшада балаға бірізді талап қою арқылы әдептілік дағдылары қалыптастырылсын.
3. Балалардың жағымды мінез-құлқын дамыту мақсатында ойын, әңгіме, үлгі көрсету әдістері жүйелі қолданылсын.
4. Ата-аналар баламен қарым-қатынаста сыпайы сөздерді жиі қолданып, жеке үлгі көрсетуге көңіл бөлсін.
5. Әдептілік тәрбиесіне байланысты жұмыстардың орындалуы келесі ата-аналар жиналысында талқылансын.

**Жиналыс төрайымы:**



С.И.Эбиева

**Жиналыс хатшысы:**



З.И.Эбиева

**«Мерейлі» жекеменшік балабақша  
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» іс-шарасының  
хаттамасы №6**

**2025 жыл, наурыз**

**Жаңаөзен қаласы**

**Күн тәртібі:**

1. «Мейірім мен шапағат» тақырыбындағы кеңесті тыңдау жауапты: Н.Шапикова
2. Қатысушылардың пікірлері мен ұсыныстар
3. Қорытынды шешім қабылдау

**Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Н.Шапикова «Мейірім мен шапағат» тақырыбында кеңес өткізді. Кеңес барысында бала тәрбиесіндегі мейірімділік пен жанашырлықтың маңызы, баланың тұлғалық және эмоционалдық дамуына тигізетін әсері туралы айтылды. Баяндамашы баланың мейірімділік қасиеті ең алдымен отбасындағы жылы қарым-қатынас, қамқорлық, қолдау арқылы қалыптасатынын атап өтті. Сонымен қатар балабақшада ойын барысында бөлісу, достарына көмектесу, табиғат пен жануарларға қамқор болу арқылы балалардың жанашырлық сезімі дамитыны түсіндірілді. Кеңес барысында мейірімділікке тәрбиелеудің әдістері ретінде үлгі көрсету, тәрбиелік әңгімелер, рөлдік ойындар, көркем әдебиет оқу, қайырымдылық әрекеттерін ұйымдастыру ұсынылды. Ата-аналарға баланың жақсы әрекетін мадақтау, эмоциясын тыңдау және түсіну, отбасында өзара көмекті қалыптастыру жөнінде ұсыныстар берілді.

**Сөйлегендер:** 1. Әдіскер С.И.Эбиева – кеңес тақырыбының өзектілігін атап өтіп, баланың мейірімділігі мен эмпатиясының қалыптасуы оның болашақтағы қарым-қатынас мәдениетінің негізі екенін айтты. Педагогтар мен ата-аналардың бірізді талап қоюы маңызды екенін жеткізді.

2. Ата-ана А. Қуанышбекова – үй жағдайында балаға кішкентай тапсырмалар беріп, отбасы мүшелеріне көмектесуді үйрету жақсы нәтиже беретінін тәжірибесімен бөлісті.

**Қаулы:** 1. «Мейірім мен шапағат» тақырыбындағы кеңес мазмұны назарға алынсын.

2. Балаларда мейірімділік, жанашырлық, қамқорлық қасиеттерін қалыптастыру мақсатында топтарда жүйелі тәрбиелік жұмыстар жүргізілсін.

3. Ойын, әңгіме, көркем әдебиет, жағдаяттық тапсырмалар арқылы мейірімді мінез-құлықты дамыту жалғастырылсын.

4. Ата-аналар отбасында өзара көмек, қамқорлық, қолдау атмосферасын қалыптастыруға көңіл бөлсін.

5. Осы бағыттағы жұмыстардың нәтижесі келесі ата-аналар жиналысында қаралсын.

**Жиналыс төрайымы:**

**Жиналыс хатшысы:**

*С.И.Эбиева*  
*З.И.Эбиева*

С.И.Эбиева

З.И.Эбиева